*Қосымша 1.14*

**Техникалық сипаттама**
**(ЛОТ №14)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | саны |
|---|---|---|---|
| 1 | XRF анализі мен керамиканың техникалық-технологиялық анализ жасау | Саздан жасалған ыдыстардың құрамы және жасалу технологиясы анықтау мақсатында петрографик, p-XRF, PED-XRF және SEM-EDX сараптамасы жасау.<br>- Қызмет атауы: XRF анализі мен керамиканың техникалық-технологиялық анализ жасау.<br>- Сараптама түрі: p-XRF, PED-XRF және SEM-EDX сараптамалары.<br>- Жұмыстың орындалу мерзімі: 120 күн.<br>- Сараптама мақсаты: саздан жасалған ыдыстардың құрамы және жасалу технологиясы анықтау.<br>- Сараптама құны: бір керамика бөлігіне жасалынатын сараптама құны – 200 euro.<br>- Жалпы құны: 5 x 200 = 1 000 (мың) euro.<br>- Қызмет құнының 100% алдын ала төленеді. | 1 |
| | **Барлығы** | | 1 |

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры** **А.Ошибаева**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

**ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілуі тиіс

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 120 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.